

"Тағылымдамадан өткен және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" және "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Әдіlet министрінің 2018 жылғы 20 наурыздағы № 446 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2018 жылғы 1 маусымда № 16976 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әдіlet министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 69 бұйрығымен.

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Әдіlet министрінің 29.05.2020 № 69 (алғашы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) "Тағылымдамадан өткен және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Тағылымдамадан өткен және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" және "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әдіlet министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 311 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11318 болып тіркелген, "Әдіlet" ақпараттық – құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 18 маусымда жарияланған).

2) "Жеке сот орындаушысының қызметінен айналысу құқығына лицензия алу үшін біліктілік емтиханын өткізу" және "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әдіlet министрінің міндетін

атқарушысының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 311 бұйрығына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 22 шілдедегі № 595 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 13978 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық – құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 4 тамызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Сот актілерін орындау департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде ресми түрде жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрі

M. Бекетаев

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2018 жылғы 20 наурыздағы  
№ 446 бұйрығына  
1-қосымша

## "Тағылымдамадан өткен және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумақтық әділет органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру "электрондық үкіметтің" веб-порталы [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесі – жеке сот орындаушысының қызметімен айналысуға үміткер адамдардың көрсетілетін қызметті берушінің аттестаттауынан өткендігі туралы, аттестаттаудың нәтижелері туралы комиссиясының шешімі немесе Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 11 қаңтардағы № 61 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде тіркелген № 16309) бекітілген "Тағылымдамадан өткен және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" стандартының 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетеуден дәлелді бас тартуы.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦК) куәландырылып, электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

## **2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетеу барысында көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) әрекеттерінің тәртібін сипаттау**

4. Көрсетілетін қызметті алушының электрондық сауалының бар болуы мемлекеттік қызмет көрсетеу бойынша рәсімнің (әрекеттің) басталуына негіздең болып табылады.

5. Аттестация өткізу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетеу барысы осы үдерістерден (әрекеттерден) тұрады:

1) 1-үдеріс – көрсетілетін қызметті алушының электрондық сауалын көрсетілетін қызмет берушінің кеңсесінде тіркеу;

2) 2-үдеріс – көрсетілетін қызметті алушының электрондық сауалын жеке сот орындаушыларының қызметін ұйымдастыру бөлім басшысының қарауы;

3) 3-үдеріс – жеке сот орындаушыларының қызметті алышының электрондық сауалын қарауы және аттестаттауды өткізу туралы хабарламаны рәсімдеуі;

4) 4-үдеріс – көрсетілетін қызметті берушінің басшысының аттестаттауды өткізу туралы хабарламаға қол қоюы;

5) 5-үдеріс – аттестаттауды өткізу туралы хабарламаны жіберу;

6) 6-үдеріс – тағылымдамадан өткен және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу;

7) 7-үдеріс – мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесін рәсімдеу және беру, Комиссияның оң нәтижесін алған, сондай-ақ өтпеген және конкурсқа келмеген

Үміткерлердің тізімі Комиссияның хаттамасына қол қойылғаннан кейін келесі күннен кешіктірілмей аумақтық әділет органының интернет-ресурсына жарияланады.

### **3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара әрекет тәртібін сипаттау**

6. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында көрсетілетін қызметті берушінің мына құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) қатысады:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің қызметкері;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
- 3) жеке сот орындаушыларының қызметін ұйымдастыру бөлімінің басшысы;
- 4) жеке сот орындаушыларының қызметін ұйымдастыру бөлімінің маманы;
- 5) Комиссия.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) арасындағы рәсімдердің (әрекеттердің) реттілігін сипаттау осы регламенттің қосымшасына сәйкес:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің қызметкері 30 минут ішінде алынған электрондық сауалды тіркеуден өткізеді және бөлім басшысының қарауына жібереді;

2) жеке сот орындаушыларының қызметін ұйымдастыру бөлімінің басшысы 30 минут ішінде көрсетілетін қызметті алушының электрондық сауалын қойылған талаптарға сәйкестігін қарайды және сот орындаушыларының қызметін ұйымдастыру бөлімінің маманына береді;

3) жеке сот орындаушыларының қызметін ұйымдастыру бөлімінің маманы 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, ұсынылған құжаттардың толық емес фактісі анықталған жағдайда, көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тарту хатын дайындайды, ұсынылған құжаттардың толық фактісі анықталған жағдайда 10 (он ) жұмыс күні ішінде құжаттардың талаптарға сәйкестігін тексереді және Комиссияның қарауына жолдайды;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тарту хатына қол қояды;

5) Комиссия 1 (бір) жұмыс күні ішінде аттестаттауға жіберу не жіберуден бас тарту туралы шешім шығарады;

6) жеке сот орындаушыларының қызметін ұйымдастыру бөлімінің маманы 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға тағылымдамадан өткен

және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу туралы хабарламаны дайындайды;

7) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы тағылымдамадан өткен және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу туралы хабарламаға 1 (бір) жұмыс күні ішінде қол қояды;

8) Комиссия тағылымдамадан өткен және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізеді;

9) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қояды.

Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру автоматты түрде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.


#### **4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында акпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы**

8. Көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының өтініш беру және рәсімдерінің (әрекеттерінің) реттілік тәртібі:

- 1) 1-үдеріс - көрсетілетін қызметті алушы ЭҮП-де тіркеуді жүзеге асырады;
- 2) 2-үдеріс – көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ЭҮП-ке парольды енгізуі (авторландыру үдерісі);
- 3) 3-үдеріс - көрсетілетін қызметті алушының электрондық түрде қажетті құжаттарды тіркей отырып, сауал нысанын толтыруы (деректерді енгізуі);
- 4) 4-үдеріс - көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына және лицензия беру негіздеріне сәйкестігін көрсетілетін қызметті берушінің тексеруі;
- 5) 5-үдеріс - ҚР БП ҚСЖАЕК АЖ, ББТ, ЖТ МДҚ-да сұрау салуды өндеу;
- 6) 6-үдеріс - көрсетілетін қызметті алушының деректерінде бұзушылықтардың бар болуына байланысты сұратылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тартуды дайындау;
- 7) 7-үдеріс - көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ пайдаланумен электрондық құжат түріндегі мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін көрсетілетін қызметті алушының алуды.

"Тағылымдамадан өткен және  
жеке сот орындаушысы  
қызметімен айналысу құқығына  
үміткер адамдарды  
аттестаттаудан өткізу"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет Регламентіне  
қосымша

**"Тағылымдамадан өткен және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу"  
мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы**



\*КФБ - құрылымдық – функционалдық бірлік: көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшілерінің (қызметкерлерінің), халыққа қызмет көрсету орталығының, "электрондық үкімет" веб-порталының өзара әрекеттері



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аякталуы;



- көрсетілетін қызметті алушы ресімінің (әрекеттің) және немесе КФБ атауы;



- таңдау нұсқасы;



- келесі рәсімге (әрекетке) ету;

- ЭҚАБЖ – мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі;

- «Е-лицензиялау» АЖ - «Е-лицензиялау» Акпараттық жүйесі;

- ЭУП - «Электрондық үкімет» порталы;

- МО - Мемлекеттік орган;

- КР БП АЕ АЖ – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Арнайы есепке алу акпараттық жүйесі.

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

2018 жылғы 20 наурыздағы

№ 446 бұйрығына

2-қосымша

## **"Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) "электрондық үкіметтің" веб-порталы [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) арқылы көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру "электрондық үкіметтің" веб-порталы [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия беру, қайта рәсімдеу немесе мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 11 қаңтардағы № 61 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде тіркелген № 16309) бекітілген "Жеке сот орындаушысы

қызметімен айналысуға лицензия беру" стандартының 11-тармағында белгіленген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қуәландырылып (бұдан әрі - ЭЦҚ), электрондық құжат нысанында көрсетіletіn қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

## **2-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында көрсетіletіn қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өрекеттерінің тәртібін сипаттау**

4. Көрсетіletіn қызметті алушының электрондық сауалының бар болуы мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімнің (өрекеттің) басталуына негіздеме болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінің құрамына кіретіn рәсімдер (өрекеттер):

1) 1-үдеріс – көрсетіletіn қызметті алушының электрондық сұрау сауалын көрсетіletіn қызметті берушінің кеңесеінде тіркеу;

2) 2-үдеріс – көрсетіletіn қызметті алушының электрондық сұрау сауалын жеке сот орындаушыларының қызметтің ұйымдастыру басқармасы басшысының қарауы;

3) 3-үдеріс – жеке сот орындаушыларының қызметтің ұйымдастыру басқармасы сарапшысының көрсетіletіn қызметті алушының электрондық сұрау сауалын қарауы және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін рәсімдеуі;

4) 4-үдеріс – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесімен Сот актілерін орындау департаменті директорының келісуі;

5) 5-үдеріс – көрсетіletіn қызметті беруші басшысы орынбасарының мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қол қоюы;

Көрсетіletіn қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетіletіn қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы белгі көрсетіледі.

## **3-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында көрсетіletіn қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара өрекет тәртібін сипаттау**

6. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне көрсетіletіn қызметті берушінің мына құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) қатысады:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің қызметкері;
- 2) көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасары;
- 3) Сот актілерін орындау департаментінің директоры;
- 4) жеке сот орындаушыларының қызметін ұйымдастыру басқармасының басшысы;
- 5) жеке сот орындаушыларының қызметін ұйымдастыру басқармасының сарапшысы.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері ) арасындағы рәсімдердің (әрекеттердің) реттілігін сипаттау осы регламенттің қосымшасына сәйкес:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің қызметкері құжаттар түскен кезден бастап 30 минут ішінде электрондық сұрау сауалды тіркеуден өткізеді және ұйымдастыру басқармасының басшысына қарауға жібереді;
- 2) жеке сот орындаушыларының қызметін ұйымдастыру басқармасының басшысы электрондық сұрау сауалды тіркелген күннен бастап 30 минут ішінде басқарманың сарапшысына береді;
- 3) жеке сот орындаушыларының қызметін ұйымдастыру басқармасының сарапшысы көрсетілетін қызметті алушының электрондық сұрау сауалды түскен кезден бастап қарайды, 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, ұсынылған құжаттардың толық емес фактісі анықталған жағдайда, көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бастарту хатын дайындал, Департамент директорына қол қоюға жібереді, одан кейін көрсетілетін қызметті берушінің басшысының орынбасарына ұсынылған қол қоюға жібереді, құжаттардың толық фактісі анықталған жағдайдағы мерзімі 15 (он бес) жұмыс күні, лицензияны қайта рәсімдеу кезіндегі мерзімі 3 (үш) жұмыс күні;

- 4) Сот актілерін орындау департаментінің директоры 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне келіседі/қол қояды;
- 5) көрсетілетін қызметті беруші басшысының орынбасары 1 (бір) жұмыс күні ішінде лицензияға қол қояды;

Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру автоматты түрде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

#### **4-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы**


8. Көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының өтініш беру және рәсімдерінің (әрекеттерінің) реттілік тәртібі:

- 1) 1-үдеріс - көрсетілетін қызметті алушы ӘҮП-де тіркеуді жүзеге асырады;

- 2) 2-үдеріс – көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ЭҮП-ке парольды енгізуі (авторландыру үдерісі);
- 3) 3-үдеріс - көрсетілетін қызметті алушының электрондық түрде қажетті құжаттарды тіркей отырып, сауал нысанын толтыруы (деректерді енгізуі);
- 4) 4-үдеріс - көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына және лицензия беру негіздеріне сәйкестігін көрсетілетін қызметті берушінің тексеруі;
- 5) 5-үдеріс - ҚР БП ҚСЖАЕК АЖ, ББТ, ЖТ МДҚ-да сұрау салуды өндеу;
- 6) 6-үдеріс - көрсетілетін қызметті алушының деректерінде бұзушылықтардың бар болуына байланысты сұратылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтен bas тартуды дайындау;
- 7) 7-үдеріс - көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ пайдаланумен электрондық құжат түріндегі мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін көрсетілетін қызметті алушының алуы.

"Жеке сот орындаушысы  
қызметімен айналысу құқығына  
лицензия беру" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
Регламентіне  
қосымша

## **"Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы**



\*КФБ - құрылымдық – функционалдық бірлік: көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшілерінің (қызметкерлерінің), халықта қызмет көрсету орталығының, "электрондық үкімет" веб-порталының өзара әрекеттері



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;



- көрсетілетін қызметті алушы рәсімдерінің (әрекеттің) және немесе КФБ атауы;



- таңдау нұсқасы;



- келесі рәсімге (әрекетке) ету;

- ЭҚАБЖ – мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі;

- «Е-лицензиялау» АЖ - «Е-лицензиялау» Ақпараттық жүйесі;

- ЭУП - «Электрондық үкімет» порталы;

- МО - Мемлекеттік орган;

- КР БП АЕ АЖ – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Арнайы есепке алу ақпараттық жүйесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК